

Тереңкөл ауылдық округі- От ауызды өр рухты ақынға қатысты біздің аудан аумағындағы Тереңкөл ауылдық округінің орталығы Нұрсай ауылынан 18 шақырым, ал күре жол бойынан 2-3 шақырымдай жерде «Қылыш батыр» ескерткіші бар. Байұлының Байбақты руынан шыққан Қылыш (1802-1866) Бөкей Ордасының тумасы. Қылыш Майқыұлы Махамбет бабамыздың бала кезінен бірге ойнап бірге өскен досы. Қылыш бірде досы Махамбетті Баймағамбет сұлтаннан сақтап қорғап қалады. Досының жанкешті еңбегіне разы болған М.Өтемісұлы Қылышқа арнап, «Жұмыр Қылыш» күйін шығарған. Бұл жерде ақын Қылыштың дене бітімі мен сабақтастырған секілді. Махамбет батырдың қанды көйлек жолдасы болған Қылыш батырға Тереңкөл топырағындағы «Қылыш-Саралжын» жерінде биіктігі 7 метр, садақтың 3 оғымен басы біріктіріліп, «шаңырақпен» көмкерілген арнайы белгі орнатылды. Бабамыздың ұлы Мерәлі Қылышұлы Бөкей Ордасының Қамыс-Самар бөлігінің старшинасы болған, есімі көпшілікке белгілі дана адам. 2017 жылғы қазан айында көп күндік жаяу жорыққа шыққан аудандық балалар жасөспірімдер туризмі және экология орталығының педагогтары мен оқушылар тобы сапар барасында бабаның басына тәу етті. Осы жерде еліміз Егемендікке қол жеткізген жылдары тарихи тұлғаның сүйегі жатқан қасиетті мекенге белгі қою жөніндегі орынды ұсынысты қартайған шағында Тереңкөл ауылының имамы болған қазыналы қария марқұм Жасбуын Садықов ағамыз (1940-2016) көтерген екен. Осыдан екі жылға жуық уақыт бұрын өмірден өткен үлкен кісінің көтерген орынды ұсынысы жөнінде 2017 жылғы 7 қыркүйек күні Ғұмар Қараш ізімен атты «Туған өлке» тарихи-танымдық экспедициясы кезінде Тереңкөл ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Едіге Шоқанов ағамыздың аузынан естіп білген болатынбыз. Қылыш баба қорымы жөнінде аудандық басылым беттері мен мектеп оқушылары мен ұстаздарының іздестіру-зерттеу конференцияларында ішінара болса да, естелік мақалалар жазылып, ғылыми жобалар қорғалып келеді.